

Анықтама

Ұлттық ойын – ұлт қазынасы

Үзіліс кезінде білім алушылардың бос уақытын ұлттық ойын түрінде ұйымдастыру және әлеуметтік желілерде насихаттау.

Мақсаты: Оқушылардың сабақтан тыс (үзіліс) уақытын тиімді, белсенді әрі қызықты ұйымдастыру. Цифрлық гаджеттерге тәуелділікті азайтып, ұлттық ойындар (асық ату, тоғызқұмалақ, бес тас) арқылы олардың логикалық ойлауын, ептілігін және достық қарым-қатынасын дамыту.

Атқарылған жұмыстар мәтіні:

Мектеп өмірінде білім алушылардың үзіліс кезіндегі бос уақытын мазмұнды өткізу мақсатында «Ұлттық ойын – ұлт қазынасы» бағыты кеңінен енгізілді. Мектеп дәліздерінде арнайы асық ату, бес тас және тоғызқұмалақ ойнауға арналған алаңдар мен бұрыштар жабдықталды. Үлкен және кіші үзілістер кезінде оқушылар бұл ойындарды белсенді түрде ойнап, бой сергітеді.

Сонымен қатар, ұлттық спорт түрлерін кеңінен насихаттау мақсатында оқушылар мен дене шынықтыру пәні мұғалімдерінің қатысуымен арнайы бейнероликтер түсірілді. Бұл видеоларда асық атудың ережелері, бес тас ойнаудың тәсілдері мен тоғызқұмалақтың тактикалары көрсетілген.)

Нәтижесі: Оқушылардың үзілістегі зиянды әдеттері (телефон қарау, жүгіру) азайып, қимыл-қозғалыс белсенділігі артты. Ұлттық ойындарға деген қызығушылық мектеп деңгейінен әлеуметтік желі кеңістігіне дейін таралды.



Жауапты ДТЖО